



**Г. Қанай, PhD**  
**Ресми сөзінің тезистері**  
**Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Басқарма**  
**төрағасы – Ректор**

**Құрметті Қырымбек Елеуұлы!**

**Құрметті Әріптестер!**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің атынан бәрілеріңізге құрмет білдіре отырып, «*Жаңа гуманитарлық білім: Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық*» жобасының аясында әлемнің алдыңғы қатарлы оқулықтарын қазақ тіліне аударудың келешек ұстаздарды оқытудағы маңызы жөнінде өз ойыммен бөлісуге рұқсат етіңіздер.

**Құрметті Қырымбек Елеуұлы,** Орталық Азияда баламасы жоқ, 80 жылдық тарихы бар, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті осы уақытқа дейін 70 мыңнан астам ұстаздарды даярлап шығарды.

Халықаралық зерттеулерге сүйенсек, әлемдегі елдердің даму деңгейі сол елдегі білім беру жүйенің даму деңгейімен өлшенеді, ал білім беру жүйесінің дамуы ұстаздардың кәсіби әрекеттеріне тікелей тәуелді (ЭЫДҰ, 2009). Ұстаздық ету ең алдымен шығармашыл ойлауды талап етеді. Келешек ұстаздың когнитивтік дағдылары мен шығармашылығын дамыту

үшін ұстаздарға қазақ тілінде сапалы кітап пен электрондық ресурстарды қол жетімді ету өте маңызды.

Бразилиялық ойшыл, Пауло Фрейер (Freire, 1970) оқу мен оқыту жаттанды дүниелерді баланың ойына құю емес, оларды өз бетімен ойлануға, шешім қабылдап, өз өмірлеріне жауапкершілік алуға үйретудің маңызды екендігін атап көрсетеді. Сол себепті, өз заманының кедергілеріне қарсы тұра алатын, қоғамды алдыға жылжитатын келешек ұрпақты тәрбиелеу үшін келешек ұстаздардың бойында өз бетімен ойланып, шешім қабылдай алатын және білім беру жүйесіне жаңашылдықты енгізуден қорықпайтын кәсіби тұлға қалыптастыру маңызды. Әлемдік тәжірибелерге сүйенсек, келешек ұстаздар - жоғары білікті рефлексивті мамандар бола білуі маңызды (Florian et al., 2013).

Осы тұрғыда, «*Жаңа гуманитарлық білім: Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық*» жобасының аясында әлемдегі таңдаулы оқулықтарды қазақ тіліне аудару, келешек ұстаздарға жаңашыл бағытта білім беруді мүмкін етті. Жоба басталғалы бері Университетімізге гуманитарлық білімнің 26 саласы бойынша 100 аталым, 10 396 оқулықтар түсті. 100 кітапты Университеттің барлық 49 оқу бағдарламаларына міндетті оқулық ретінде енгізіп, профессорлық – оқытушылық құрам өздерінің күнделікті дәрістерінде кеңінен қолдануда.

Айтап айтсақ, Сан-Диего мемлекеттік университетінің тарих профессоры - **Росс Данн** мен Калифорния университетінің доценті - **Лора Дж. Митчеллдің** «Panorama: Дүниежүзі тарихы» («Panorama a World History») атты оқулығы "*Алғашқы қоғам тарихы және археология*",

"Ғылыми зерттеу негіздері" , "Тарихнама", "Деректану", "Шет елдер тарихының тарихнамасы" пәндерде қолданылды. **Михаил Маркович Кромнің** "Тарихи антропология" оқулығы "Тарихи антропология", "Алғашқы қоғам тарихы және археология" білім беру бағдарламаларында қолданылды. Ал, **Светлана Владимировна Лурьенің** "Тарихи этнология" атты оқулығы "Этнология" оқу бағдарламасында кеңінен қолданылуда.

Сонымен қатар, біздің студенттеріміздің арасында структурализм, лингвистика, эмпирикалық зерттеулер бағытындағы оқулықтар жоғары сұранысқа ие. Студенттеріміз аса жоғары қызығушылық танытып, оқып жатқан оқулықтардың арасында:

- Калифорния университетінің менеджмент профессоры Стивен Роббинс пен Огайо штаты университетінің профессоры Тимоти Джадждың **«Ұйымдық мінез-құлық негіздері»**
- Корнелл университетінің профессоры Джордж Ритцердің **“Әлеуметтану теориясы”**
- Гарвард университетінің профессоры Эллиотт Арнсонның **“Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе”** атты оқулықтар бар.

Зерттеуші ретінде өз басым, Зина О’Лиридің **“Зерттеу жобасын жүргізу: Негізгі нұсқаулық”** атты оқулығына аса жоғары баға бергім келеді. Аталмыш оқулық арқылы келешек ұстаздардың бойында зерттеу жобасына дайындалу; зерттеуге қатысты сұрақтар әзірлеу; зерттеудің этикалық нормаларды сақтауы; әдістерді таңдау және тәжірибеден өткізу; деректер жинау және талдауға қатысты дағдыларды қалыптастыруды мүмкін етті.

Жалпы, жоғарыда аталған оқулықтар педагогикалық университеттердегі академиялық бағдарламаларды мазмұнды тұрғыда байытып, маңызды факторларды нақты мысалдар арқылы саралауды, педагогика мен психологияға жаңаша қарауды, ең бастысы, келешек ұстаздарға халықаралық тәжірибе мен эмпирикалық зерттеулерге негізделген білім беруді мүмкін етті.

Сонымен қатар, «100 жаңа оқулық» жобасының аясында студенттеріміз Ашық кітапхана (<https://kitap.kz/>) мен Қазақстанның Ашық университеті (<https://openu.kz/kz>) платформаларындағы оқулықтар мен видео дәрістерді көптен қолдануда

Қорыта келгенде, “100 жаңа оқулық” жобасы қазақ жастарына әлемнің ең үздік оқулықтарын өз тілдерінде түсінуге, әлемге танымал болған, озық университет ғалымдарының еңбектерін қолжетімді етті. Сонымен қатар, қазақ тілін ғылым тіліне айналдыруға өз септігін тигізді.

**Құрметті Қырымбек Елеуұлы,** еліміздегі білімі мен ғылымының дамуы, сондай – ақ педагог мамандар мен әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыруда жүргізіп жатқан маңызды саясаттарыңыз үшін Университет ұжымының мен студенттерінің атынан Сізге алғыс білдіруге рұқсат етіңіз.

Әлемнің алдыңғы қатарлы оқулықтарын қазақ тіліне аударудың еліміздің ғылымы мен білімінің дамуына аса жоғары ықпал ететіндігін ескере отырып келесідей ұсыныстар беруге рұқсат етіңіз:

**Біріншіден,** “100 жаңа оқулық” жобасының аясында қазақ тіліне аударылған оқулықтарды мен видео жазбаларды жоғары оқу орындарындағы барлық академиялық бағдарламаларында кеңінен қолдану;

**Екіншіден,** “100 жаңа оқулық” жобасының аясында **Ұлттық аударма бюросында** пайда болған тәжірибені жоғары оқу орындары мен зерттеу институттарының арасында кеңінен бөлісу;

**Үшіншіден,** келешек ұстаздарды дайындау мен эмпирикалық зерттеу жасау дағдыларды арттыру мақсатында педагогика мен зерттеу бағытындағы әлемнің алдыңғы қатарлы оқулықтарын аударуды жоғары оқу орындары, зерттеу институттары мен баспа үйлері арқылы ары қарай жалғастыру.

**Назарларыңызға рақмет!**